

Қызылорда облысының прокуратурасы бос прокурорлық лауазымға КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

06.01.2020 - 14:58 **Конкурс түрі:** Конкурс на занятие вакантных должностей Сотрудника органа прокуратуры

Қызылорда облысының прокуратурасы, 120001, Қызылорда қаласы, Нұрмақов көшесі, №1 үй, анықтама үшін телефон (7242) 274375, факс (7242) 270172, электрондық мекенжай 7242380@prokuror.kz, бос прокурорлық лауазымға КОНКУРС ЖАРИЯЛАЙДЫ

Бос орындар:

- Қызылорда қалалық прокуратурасының прокуроры - С-RGP-5 (бір бірлік);
- Шиелі аудандық прокуратурасының прокуроры - С-RGP-5 (бір бірлік);

Функционалдық міндеттері:

Жеке және заңды тұлғалардың конституциялық құқықтарының сақталуын қадағалауды, заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда қадағалауды жүзеге асырады, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және заңда белгіленген жағдайда, тәртіпте және шекте қылмыстық қудалауды жүзеге асырады.

Лауазымдық еңбекақысы 76 274 теңгеден жоғары.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- функционалды бағыттарға сәйкес келетін жоғары кәсіби білім;
- құқық қорғау органдарына қызмет атқару үшін қажетті болған денсаулығының жарамдылығы.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: хабарландыру жарияланған күннен бастап **5 жұмыс күн** ішінде Қызылорда қаласы, Нұрмақов көшесі, №1 үй мекенжайда қабылданады, кадрлық дамыту бөлімі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі:

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 4 мамыр 2014 жылғы №40 бұйрығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының прокуратура органдарында, ведомстволары мен мекемелерінде лауазымдарға орналасу үшін конкурс пен тағылымдама өткізу» Ережесінің талаптарына сәйкес, келесі құжаттардың болуы міндетті:

- 1) өтініш (нысанға сәйкес);
- 2) сауалнама (нысанға сәйкес);
- 3) кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы (нысанға сәйкес);
- 4) қолмен толтырылған және басылып жазылған толық өмірбаяны (нысанға сәйкес);
- 5) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

- 6) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;
- 7) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;
- 8) әскери билеттің немесе әскерге шақыру учаскесіне тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі;
- 9) 3x4 үлгідегі (2 дана) сурет;
- 10) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтың және оның жұбайының (зайыбының) табыстары мен мүліктері туралы декларацияны тұратын жері бойынша мемлекеттік кіріс органына табыс еткенін растайтын құжаттар;
- 11) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды өткізу кезінде жарамды, шекті мәннен төмен емес қолданыстағы заңнаманы білуге арналған компьютерлік тестілеудің нәтижелері;
- 12) прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссиялардан медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, сондай-ақ полиграфологиялық зерттеуден өтудің және міндетті арнайы тексеріс қорытындылары;
- 13) құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі органдарының соттылығы жоқтығы, сот тәртібімен соңғы бір жылдың ішінде қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылмағаны туралы анықтама;
- 14) соңғы жұмыс (оқу) орнынан мінездеме.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және іскерлік беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелер мен атақтардың берілуі, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері) қосымша ақпарат бере алады.

Құжаттар мұқабада тізбесі көрсетіліп, тігіліп тапсырылуы тиіс.

Қызылорда облысының прокуратурасы

Қайнар: <http://blog.sko.prokuror.kz/kaz/contest/kyzylorda-oblysynyn-prokuraturasy-bos-prokurorlyk-lauazymga-konkurs-zhariyalaydy-5>